

**"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1203 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы**

2014 жылғы 19 қаңтарда Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім және оған Хаттама ратификациялансын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Келісім қолданылатын тұлғалар**

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

## **2-бап**

### **Келісім қолданылатын салықтар**

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға оларды алу әдісіне қарамастан қолданылады.

2. Табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен алынатын салықтардың барлық түрлері табысқа салынатын салықтар болып есептеледі.

3. Мыналар:

a) Қазақстан Республикасы жағдайында:

(i) корпоративтік табыс салығы және

(ii) жеке табыс салығы

(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталатын); және

b) Катар Мемлекеті жағдайында:

табыс салықтары

(бұдан әрі «Катар салығы» деп аталатындар) осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар болып табылады.

4. Осы Келісім күшіне енген күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын кез келген бірдей немесе мәні бойынша ұқсас салықтарға да осы Келісім қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өз мемлекеттің салық заңнамасындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бір-бірін хабардар етеді.

## **3-бап**

### **Жалпы анықтамалар**

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін:

a) «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасын білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде «Қазақстан» термині Қазақстан Республикасының

мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің заңнамасына және өзі қатысушысы болып табылатын халықаралық келісімдерге сәйкес өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аймақтарын қамтиды;

b) «Катар» термині Катар Мемлекетін білдіреді және географиялық мағынада пайдаланылған кезде «Катар» термині халықаралық құқықтың және Катардың ұлттық заңнамасы мен нормаларының ережелеріне сәйкес Катар Мемлекеті өзінің егемендік құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын Катар Мемлекетінің аумағын, ішкі суларды, оның түбі мен жер қойнауларын қоса алғанда, аумақтық теңізін, олардың үстіндегі әуе кеңістігін, айрықша экономикалық аймағын және континенталдық қ а й р а ң ы н қ а м т и д ы ;

c) «Уағдаласушы Мемлекет» және «екінші Уағдаласушы Мемлекет» терминдері, түпмәтінге қарай Қазақстанды немесе Катарды білдіреді;

d) «компания» термині кез келген корпоративтік құрылымды немесе салық салу мақсаттары үшін корпоративтік құрылым ретінде қаралатын кез келген ұйымды б і л д і р е д і ;

e) «құзыретті орган» термині:

(i) Қазақстан Республикасы жағдайында: Қаржы министрлігін немесе оның у ә к і л е т т і ө к і л і н ;

(ii) Катар Мемлекеті жағдайында: Экономика және қаржы министрлігін немесе оның у ә к і л е т т і ө к і л і н білдіреді;

f) «кәсіпорын» термині кез келген кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға қ о л д а н ы л а д ы ;

g) «бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын к ә с і п о р ы н д ы білдіреді;

h) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі тек екінші Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген т а с ы м а л д ы білдіреді;

i) «ұлттық тұлға» термині:

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) Уағдаласушы Мемлекеттің қолданыстағы заңнамасы негізінде осындай мәртебені алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті немесе қауымдастықты б і л д і р е д і ;

j) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және салық салу мақсаттары үшін заңды тұлға ретінде қаралатын кез келген басқа тұлғалар бірлестігін білдіреді; және сондай-ақ Уағдаласушы Мемлекетті және оның кез келген орталық немесе жергілікті б и л і к о р г а ң ы н қ а м т и д ы ;

к) «салық» термині түпмәтінге қарай Қазақстан салығын немесе Катар салығын білдіреді ;

л) «кәсіпкерлік қызмет» термині кәсіби көрсетілетін қызметті және тәуелсіз сипаттағы басқа да қызметті орындауды қамтиды.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша сол уақытта қандай мағынаға ие болса, сондай мағынасы болады. Терминнің кез келген мағынасы осы Уағдаласушы Мемлекеттің салық заңнамасына сәйкес осы Уағдаласушы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша терминге берілетін мағынадан басым болады.

## **4-бап**

### **Резидент**

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині :

а) Қазақстан жағдайында, Қазақстанның заңнамасы бойынша тұратын жері, резиденттігі, азаматтығы, басқару орны немесе осыған ұқсас сипаттағы кез келген басқа да критерий негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді және Қазақстан мен оның кез келген орталық немесе жергілікті билік органын да қамтиды. Алайда, осындай термин тек Қазақстандағы көздерден алынатын табысқа қатысты ғана Қазақстанда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды;

б) Катар жағдайында, тұратын жері, өмірлік мүдделер орталығы бар немесе әдетте Катарда тұратын кез келген жеке тұлғаны және Катарда құрылған немесе онда оның тиімді басқару орны бар компанияны білдіреді. Термин Катар Мемлекетін және оның кез келген саяси немесе әкімшілік бөлімшесін, жергілікті билік органын немесе оның заңнамасында көзделген органды да қамтиды.

2. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады :

а) өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы қай Уағдаласушы Мемлекетте болса, соның ғана резиденті болып есептеледі, егер Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де оның иелігінде тұрақты баспанасы болса, ол өте тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Уағдаласушы Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында оның иелігінде тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Уағдаласушы Мемлекеттің

ғана резиденті болып есептеледі;

с) егер ол әдетте Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрып жатқан болса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса, ол өзі тек ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі;

d) егер жеке тұлғаның резиденттік мәртебесін осы тармақтың а), b) және с) тармақшаларының ережелеріне сәйкес айқындау мүмкін болмаса, онда Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де құзыретті органдары осы мәселені өзара келісуі бойынша шешеді.

3. Егер осы баптың 1-тармағының ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, ол өзінің тиімді басқару орны орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып есептеледі.

## 5-бап

### Тұрақты мекеме

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді.

2. «Тұрақты мекеме» термині, атап айтқанда:

a) басқару орнын;

b) филиалды;

c) кеңсені;

d) фабриканы;

e) шеберхананы;

f) сауда орны ретінде пайдаланылатын үй-жайды;

g) ферманы немесе плантацияны;

h) шахтаны, кенішті, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді, қондырғыны, құрылысты немесе табиғи ресурстарды өндірудің немесе барлаудың кез келген басқа да орнын, сондай-ақ осыған байланысты байқау қызметтерін;

i) құрылыс алаңын, құрылыс, монтаждау немесе құрастыру жобасын, немесе осындай алаңмен немесе жобамен немесе 6 айдан астам созылған қызметпен байланысты кез келген байқау қызметін;

j) кәсіпорынның қызметшілер немесе осындай мақсат үшін кәсіпорын жалдаған басқа персонал арқылы, бірақ егер осындай сипаттағы қызмет (осындай немесе оған байланысты жоба үшін) Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында кез келген он екі айлық кезеңде 6 айдан астам жалғастырылса ғана консультациялық қызметтерді қоса алғанда, қызметтер көрсетуді қамтиды.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме» термині мыналарды:

- a) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды тек сақтау, көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана пайдалануды;
- b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек сақтау, көрсету немесе беру мақсаттары үшін ғана ұстауды;
- c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын тек басқа кәсіпорынның өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;
- d) тұрақты қызмет орнын тек тауарларды немесе бұйымдарды сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпаратты жинау үшін ғана ұстауды;
- e) тұрақты қызмет орнын тек кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды; және
- f) тұрақты қызмет орнының осындай амал нәтижесінде пайда болатын жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын тек осы тармақтың а) - e) тармақшаларында тізбеленген қызмет түрлерінің кез келген амалын жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтымайды.

4. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер осы баптың 6-тармағы қолданылатын, тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорынның атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісімшарттар жасасуға өкілеттіктері болса және оны әдетте пайдаланса, егер осындай тұлғаның қызметі осы баптың 3-тармағында көрсетілген қызметпен ғана шектелмесе, егер ол тұрақты қызмет орны арқылы жүзеге асырылса да, ол осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты қызмет орнын тұрақты мекемеге айналдырмаса, онда осындай кәсіпорын осы тұлға кәсіпорын пайдасына жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қаралады.

5. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің сақтандыру кәсіпорны, қайта сақтандыруды қоспағанда, егер ол осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің аумағында сақтандыру сыйлықақыларын жинаумен айналысса немесе осы баптың 6-тармағы қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға арқылы онда орналасқан тәуекелдерді сақтандыратын болса, онда ол екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қаралады.

6. Кәсіпорын өз кәсіпкерлік қызметін Уағдаласушы Мемлекетте брокер, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, ол осы Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар деп қаралады.

7. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын (не тұрақты мекеме арқылы не өзге жолмен) компанияны бақыласа немесе оның бақылауында болса, онда осы компаниялардың бірі екіншісінің тұрақты мекемесін құрмайды.

## 6-бап

### Жылжымайтын мүліктен алынатын табыс

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алатын табысына (ауыл немесе орман шаруашылығынан алатын табысты қоса алғанда) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. «Жылжымайтын мүлік» термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша айқындалады. Мұндай термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, мал мен ауыл және орман шаруашылықтарында пайдаланылатын жабдықты, жер меншігіне қатысты заңнаманың ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық шикізаттың кен орындарын, көздерін және басқа да табиғи ресурстарды игеру немесе игеру құқығына берілетін өтемақы ретіндегі ауыспалы немесе бекітілген төлемдерге құқықтарды қамтиды. Теңіз, өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қаралмайды.

3. Осы баптың 1-тармағының ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе оны кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. Осы баптың 1 және 3-тармақтарының ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысына да қолданылады.

## 7-бап

### Кәсіпкерлік қызметтен түсетін пайда

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына, егер де кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырмаса ғана, тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын кәсіпкерлік қызметін жоғарыда көрсетілгендей жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасына екінші Уағдаласушы Мемлекетте, бірақ тек:

(а) осындай тұрақты мекемеге;

(б) осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте осындай тұрақты мекеме арқылы өткізілетін тауарларға немесе бұйымдарға ұқсас немесе бірдей тауарлар мен бұйымдардың өткізілуіне;

(с) немесе сипатына қарай осындай тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметке сәйкес келетін немесе ұқсас осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын басқа кәсіпкерлік қызметке қатысты бөлігінде ғана салық салынуы м ү м к і н .

2. Осы баптың 3-тармағының ережелерін ескере отырып, егер бір Уағдаласушы

Мемлекеттің кәсіпорны кәсіпкерлік қызметті екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса, онда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте, егер ол оқшауланған және жеке кәсіпорын болып, осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе осыған ұқсас қызметпен айналысып және өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан толық тәуелсіз әрекет етіп қана алуы мүмкін пайда осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, олардың тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте немесе тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасының ережелеріне сәйкес рұқсат етілген басқа жерде жұмсалғанына қарамастан, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды шегеруге жол б е р і л е д і .

4. Егер Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемеге қатысты пайданы кәсіпорын пайдасының жалпы сомасын оның әртүрлі бөлімшелері арасында барабар бөлу негізінде айқындау әдеттегі практика болып табылса, онда осы баптың 2-тармағында осы Уағдаласушы Мемлекетке салық салынатын пайданы әдеттегі практикаға сүйене отырып, осындай бөлу арқылы айқындауға ештеңе тыйым салмайды. Алайда, таңдалған бөлу әдісі осы бапта қамтылған қағидаттарға сәйкес нәтижелер беруге тиіс.

5. Егер, Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органында бар ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттегі осы тұлғаның тұрақты мекемесіне қатысты пайдасын айқындауға жеткіліксіз болып табылған жағдайларда, қолда бар ақпараттың негізінде тұрақты мекеменің пайдасын айқындау осы бапта көрсетілген қағидаттарға сәйкес келген жағдайда Уағдаласушы Мемлекеттің тұлғаның салық міндеттемесін айқындауға қатысы бар кез келген заңын қолдануға осы бапта ештеңе де ықпал етпеуге тиіс.

6. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуы негізінде ғана қандай да бір пайда тұрақты мекемеге есептелмейді.

7. Осы баптың алдыңғы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда, егер осындай тәртіпті өзгертуге жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, жыл сайын бірдей тәсілмен айқындалады.

8. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында жеке айтылатын табыстардың түрлерін қамтыса, онда осындай баптардың ережелерін осы баптың ережелері қозғамайды.

## **8-бап**

### **Теңіз және әуе көлігі**

1. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының халықаралық тасымалдауда теңіз немесе әуе кемелерін пайдаланудан алған пайдасына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері көлік құралдарын пайдалану жөніндегі пулға, бірлескен кәсіпорынға немесе халықаралық ұйымға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

## 9-бап

### Қауымдасқан кәсіпорындар

1 . Е г е р :

а) бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса ; немесе

б) сол бір тұлғалар бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса,

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында екі тәуелсіз кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорындардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осындай жағдайлардың болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылуы және оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер бір Уағдаласушы Мемлекет осы Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын пайдаға қосса және тиісінше пайдаға салық салса, оған қатысты екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынады және осылайша, қосылған пайда, егер екі кәсіпорын арасындағы жағдай тәуелсіз кәсіпорындар арасындағы жағдайлар сияқты болатын болса, бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнына есепке жазылуы мүмкін болатын пайда болып табылса, онда осы екінші Уағдаласушы Мемлекет осындай пайдадан есептелген салықтың сомасына тиісті түзету жүргізеді. Мұндай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа да ережелері ескеріледі және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған кезде бір-бірімен консультация жүргізіп отырады.

## 10-бап

### Дивидендтер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда резиденті дивидендтерді төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес осындай дивидендтерге салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі

иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша  
а л ы н а т ы н с а л ы қ :

а) егер іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания капиталының кемінде 10 пайызын тікелей иеленетін резидент болса, дивидендтердің жалпы сомасының 5 п а й ы з ы н а н ;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 10 пайызынан а с п а у ғ а т и і с .

Осы тармақтың ережелері компанияның дивидендтер төленетін пайдасына салық с а л у д ы қ о з ғ а м а й д ы .

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтерге, егер дивидендтердің і с жү з і н д е г і и е с і :

а) Қ а з а қ с т а н ж а ғ д а й ы н д а :

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның орталық немесе жергілікті билік о р г а н д а р ы ;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

(iii) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе заңнамада көзделген органдарға толық, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт; және

(iv) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе Уағдаласушы Мемлекеттер арасында мезгіл-мезгіл келісіліп отыруы мүмкін заңнамада көзделген органдарға ішінара, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт;

б) Катар Мемлекетінің жағдайында:

(i) Катар Мемлекеті, оның орталық немесе жергілікті билік органдары;

(ii) заңнамада көзделген орган;

(iii) Катардың Орталық Банкі;

(iv) Катар Мемлекетінің Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе заңнамада көзделген органдарға толық, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт; және

(v) Катар Мемлекетінің Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе Уағдаласушы Мемлекеттер арасында мезгіл-мезгіл келісіліп отыруы мүмкін заңнамада көзделген органдарға ішінара, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт болып табылса, тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана с а л ы қ с а л ы н а д ы .

4. «Дивидендтер» термині осы бапта пайдаланылған кезде акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын пайдаға қатысуға берілетін басқа құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлуші компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты

дәл осындай салықтық реттеуге жататын басқа да корпоративтік құқықтардан алынатын табысты білдіреді.

5. Егер дивидендердің бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып табылатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг осындай мекемемен нақты байланыста болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Осындай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып отырса, осы екінші Уағдаласушы Мемлекет, осындай дивиденттер осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе төленіп жүрген дивиденттерге қатысы бар холдинг осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемемен нақты байланысты болған жағдайларды қоспағанда, осындай компания төлейтін дивиденттерден кез келген салық алынбайды және тіпті төленетін дивиденттер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан тұрса да, компанияның бөлінбеген пайдасынан бөлінбеген пайдаға салынатын салық алынбайды.

7. Осы Келісімде Уағдаласушы Мемлекетке осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептелетін салыққа қосымша осы Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемеге жататын компанияның пайдасына салық салуға кез келген қосымша есептелген салық алдыңғы салық салынған жылдары осындай қосымша салық салуға салынбаған осындай пайда сомасының 10 пайызынан аспайтын жағдайда, еш нәрсе кедергі болмайды деп түсіндірілмейді. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда одан тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте алынатын, осы тармақта аталған қосымша салықтан өзге барлық салықты шегеріп тастағаннан кейін айқындалады.

## **11-бап**

### **Пайыздар**

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда осындай пайыздарға олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер пайыздардың іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық пайыздардың жалпы сомасының 10

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, егер:

а) Қ а з а қ с т а н ж а ғ д а й ы н д а :

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі, оның орталық немесе жергілікті билік о р г а н д а р ы ;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

(iii) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе заңнамада көзделген органдарға толық, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт; және

(iv) Қазақстан Республикасының Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе Уағдаласушы Мемлекеттер арасында мезгіл-мезгіл келісіліп отыруы мүмкін заңнамада көзделген органдарға ішінара, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт;

б) К а т а р М е м л е к е т і н і ң ж а ғ д а й ы н д а :

(i) Катар Мемлекеті, оның орталық немесе жергілікті билік органдары;

(ii) заңнамада көзделген орган;

(iii) Катардың Орталық Банкі;

(iv) Катар Мемлекетінің Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе заңнамада көзделген органдарға толық, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт; және

(v) Катар Мемлекетінің Үкіметіне, оның орталық немесе жергілікті билік органдарына немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің арасында мезгіл-мезгіл келісіліп отыруы мүмкін заңнамада көзделген органдарға ішінара, тікелей немесе жанама түрде тиесілі кез келген институт пайыздардың іс жүзіндегі иесі болып табылса, бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық с а л ы н а д ы .

4. «Пайыздар» термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген және борышкердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін борыш талаптарының кез келген түрінен алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік/мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осындай бағалы қағаздар, облигациялар және борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықақылар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді. Уақтылы төленбегені үшін айыппұлдар осы баптың мақсаттары үшін пайыздар ретінде қаралмайды.

5. Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және өзіне қатысты пайыздар төленетін борыш талабы осындай тұрақты мекемемен нақты

байланысты болса осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер пайыздарды төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылуына немесе табылмауына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты пайыздарды төлеу бойынша міндеттемелер туындайтын тұрақты мекемесі болса және осындай пайыздар бойынша шығыстарды тұрақты мекеме көтеретін болса, онда осындай пайыздар осындай тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп е с е п т е л е д і .

7. Егер төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасындағы немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебінен негізге алынып төленетін борыш талабына жататын пайыздардың сомасы пайыздар төлеуші мен іс жүзіндегі иесі арасында осындай қатынастар болмаған кезде келісетіндей сомадан асып кетсе, осы баптың ережелері соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемдердің артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

## **12-бап**

### **Роялти**

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. Алайда мұндай роялтиге де ол пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ, егер роялтидің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға т и і с .

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық қамтамасыз етуді, әдебиет, өнер туындыларына немесе ғылыми жұмыстарға (кинематографиялық және өзге де фильмдерді, радио немесе телебағдарламалар үшін пайдаланылатын магниттік жазбаларды немесе дискілерді қоса алғанда), кез келген патентке, сауда таңбасына, дизайнға немесе модельге, жоспарға, құпия формулаға немесе процеске кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат үшін кез келген сыйақыны, сондай-ақ өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс

жүзіндегі иесі кәсіпкерлік қызметті роялти туындайтын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырса және оған қатысты роялти төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемемен байланысты болса, осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылуы-табылмауына қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте оған байланысты роялти төлеу міндеттемесі туындайтын тұрақты мекемесі болса және мұндай роялти бойынша шығыстарды тұрақты мекеме көтеретін болса, онда мұндай роялтилер осындай тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте туындайды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да бір басқа тұлғаның арасындағы арнайы қатынастардың себебі бойынша пайдалануға, төленуіне негіз болатын құқыққа немесе ақпаратқа қатысты роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында келісетіндей сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы аталған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелері ескеріле отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуға тиіс.

## **13-бап**

### **Мүлік құнының өсімінен алынатын табыстар**

1. Бір Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің 6-бабында айқындалған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табысқа мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) иеліктен шығарудан алынған табысты қоса алғанда, осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің халықаралық тасымалда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен шығарудан алған табыстарына осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

4. Осы баптың 1, 2 және 3-тармақтарында көзделгеннен өзге кез келген мүлікті иеліктен шығарудан алынатын табыстарға мүлікті иеліктен шығарушы тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **14-бап**

### **Жалданып істейтін жұмыстан алынатын табыстар**

1. Осы Келісімнің 15, 17 және 18-баптарының ережелерін ескере отырып, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған мұндай сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалданып жұмыс істеуіне байланысты алған сыйақыға салық, егер:

а) алушы тиісті салық жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезеңде жалпы жиынтығы 183 (бір жүз сексен үш) күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте болса;

б) сыйақыны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жұмыс беруші төлесе немесе жұмыс берушінің атынан төленсе; және

с) сыйақы төлеу жөніндегі шығыстарды жұмыс берушінің екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесі көтермесе, тек бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, халықаралық тасымалда Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемесінің бортында орындалатын жалданып істейтін жұмысқа қатысты алынған сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің және екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан әуе немесе теңіз кәсіпорнының қызметкері алған қызметақыға, жалақыға, жалақыға үстемеақыға және қосымша табыстарға бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **15-бап**

### **Директорлардың гонорарлары**

1. Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің мүшесі ретінде бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың гонорарларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші

Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның басқарушы лауазымының жоғары деңгейлі лауазымды адамы ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осыған ұқсас сыйақыға осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

## **16-бап**

### **Әртістер мен спортшылар**

1. Осы Келісімнің 7 және 14-баптарының ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе телевидение әртісі немесе музыкант сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкерінің немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асыратын жеке қызметінен алатын табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес, басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа осы Келісімнің 7 және 14-баптарының ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке сапар толығымен немесе елеулі дәрежеде Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің қоғамдық қорларынан қаржыландырылса оны орталық немесе жергілікті билік органдары қаржыландырса не мәдени келісімнің немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің Үкіметтері арасындағы келісім шеңберінде өткізілсе, осы баптың 1 және 2-тармақтарында көзделгендей Уағдаласушы Мемлекет резидентінің екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын қызметінен алған табысы осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салудан босатылады.

## **17-бап**

### **Зейнетақылар мен аннуитеттер**

1. Осы Келісімнің 18-бабы 2-тармағының ережелеріне сәйкес бір Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін зейнетақылар мен басқа да осыған ұқсас сыйақыға және аннуитеттерге бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. «Аннуитеттер» термині ақша немесе құны түрінде барабар және толық өтеу орнына төлем жүргізу міндеттемесіне сәйкес мерзімді түрде жеке тұлғаға өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңінде белгіленген мерзімде төленетін тіркелген сомаларды білдіреді.

## 18-бап

### Мемлекеттік қызмет

1. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе орталық немесе жергілікті билік органы жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін зейнетақыдан басқа төлейтін қызметақыға, жалақыға және басқа осыған ұқсас сыйақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады ;

б) Алайда, мұндай қызметақыға, жалақыға және басқа осыған ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылса және осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын жеке тұлға:

(i) осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылса; немесе

(ii) осындай қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болмаса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады .

2. а) Уағдаласушы Мемлекет немесе орталық немесе жергілікті билік органы өздері құрған қорлардан жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның билік органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін төлейтін кез келген зейнетақыға осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады ;

б) Алайда, мұндай зейнетақыға, егер жеке тұлға осы Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті және ұлттық тұлғасы болып табылса, екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады .

3. Осы Келісімнің 14, 15, 16 және 17-баптарының ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның орталық немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметпен байланысты қызметке қатысты қызметақыларға, жалақыларға, зейнетақыларға және басқа осыған ұқсас сыйақыларға қолданылады.

## 19-бап

### Оқытушылар мен ғылыми қызметкерлер

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келуге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылған және бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекет Үкіметінің немесе университетінің, колледжінің, мектебінің, мұражайының немесе басқа мәдениет мекемелерінің бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте немесе мәдени алмасудың ресми бағдарламасы бойынша осы Уағдаласушы Мемлекетте кейінгі үш жылдан аспайтын кезеңде, тек қана осындай мекемелерде дәріс оқу немесе зерттеулер жүргізу үшін тұратын жеке тұлғаға осы Уағдаласушы Мемлекетте осындай қызметі үшін оның сыйақысына қатысты, осындай сыйақы осы Уағдаласушы Мемлекеттен тыс жердегі көздерден төленген жағдайда салық салынбайды.

2. Зерттеу жұмыстарынан алынатын табысқа, егер осындай зерттеулер мемлекет мүддесіне емес, негізінен белгілі бір тұлғаның немесе тұлғалардың жеке пайдасы үшін жүргізілген болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды.

## **20-бап**

### **Студенттер мен тағылымдамадан өтушілер**

1. Бір Уағдаласушы Мемлекетке тікелей келуге дейін екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе болып табылған және бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетке тек білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында келген студент немесе практикант немесе тағылымдамадан өтуші өзінің күнкөрісі, білім алу немесе тағылымдамадан өту мақсатында алатын төлемдерге мұндай төлемдер осы Уағдаласушы Мемлекеттің шегінен тыс жердегі көздерден жүргізілген жағдайда осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынбайды.

2. Гранттарға, стипендияларға және осы баптың 1-тармағында көрсетілмеген жалданып істейтін жұмыстан алатын сыйақыларға осы баптың 1-тармағында көрсетілген студенттің практиканттың немесе тағылымдамадан өтушінің білім алуы немесе тағылымдамадан өтуі кезінде өзі тұрған Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне берілетін салықтарға қатысты дәл сондай жеңілдіктерге, жеңілдетулерге немесе шегерімдерге құқығы бар.

## **21-бап**

### **Басқа да табыстар**

1. Уағдаласушы Мемлекет резидентінің осы Келісімнің алдыңғы баптарында көзделмеген табыс түрлеріне, олардың пайда болу көзіне қарамастан, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекет алған табысқа, егер мұндай табысты алушы Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және соларға байланысты табыс төлеу жүргізілген құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, осы баптың 1-тармағының ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда осы Келісімнің 7-бабының ережелері қолданылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, осы Келісімнің алдыңғы баптарында қарастырылмаған және екінші Уағдаласушы Мемлекетте пайда болған бір Уағдаласушы Мемлекет резиденті табыстарының түрлеріне де осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

## **22-бап**

### **Қосарланған салық салуды жою**

Егер бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес екінші Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін табыс алып жүрсе, бірінші аталған Мемлекет осындай резиденттің табысына салынатын салықтан осындай шегерім шегерімді бергенге дейін есептелген табысқа салықтың сол бөлігінен аспаған, екінші Уағдаласушы Мемлекетте алынған табысқа жататын жағдайда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте төленген табыс салығына тең соманы шегеруге рұқсат береді.

## **23-бап**

### **Кемсітпеу**

1. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары екінші Уағдаласушы Мемлекетте кез келген салық салуға немесе дәл сондай жағдайларда, атап айтқанда, резиденттікке қатысты осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салудан және оған байланысты міндеттемелерден өзгеше немесе ауыртпалықты салық салу болып табылатын оған байланысты кез келген міндеттемеге ұшырамайды. Осы ереже осы Келісімнің 1-бабының ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің резиденті болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленетін тұрақты мекемеге салық салу осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің осыған ұқсас қызметті жүзеге асыратын кәсіпорындарына салық салуға қарағанда осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте қолайсыздау болмауға тиіс. Осы ереже Уағдаласушы Мемлекетті екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденттеріне салық салу мақсаттары үшін азаматтық мәртебе немесе отбасылық міндеттері негізінде ол өзінің резиденттеріне беретін кез келген жеке салықтық жеңілдіктер, жеңілдетулер мен шегерімдер беруге міндеттейтіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

3. Осы Келісімнің 9-бабы 1-тармағының, 11-бабы 7-тармағының немесе 12-бабы 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялтилер мен басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін жағдайларда шегерімге жатқызылуға тиіс.

4. Капиталы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын бір Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорындары бірінші айтылған

Уағдаласушы Мемлекетте салық салуға немесе бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салу мен онымен байланысты міндеттемелерге қарағанда онымен өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салуға немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге бірінші айтылған Уағдаласушы Мемлекетте ұ ш ы р а м а у ғ а т и і с .

5. Катардың салық заңнамасы шеңберінде Катардың ұлттық тұлғаларын салық салудан босату осы баптың ережелеріне сәйкес кемсіту ретінде қарастырылмайды.

6. Осы бапта «салық салу» термині осы Келісімнің нысанасы болып табылатын салықтарды білдіреді.

## **24-бап**

### **Өзара келісу рәсімі**

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соғып отыр немесе әкеп соғады деп есептесе, ол осы Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына немесе егер оның ісі осы Келісімнің 23-бабы 1-тармағының қолданысына түссе, онда өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға әкеп соқтыратын іс-әрекеттер туралы бірінші хабарлама берілген кезден бастап ү ш ж ы л і ш і н д е б е р і л у г е т и і с .

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңнамасында көзделген уақыттағы кез келген шектеуге байланыссыз орындалатын болады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде пайда болатын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар сол сияқты Келісімде көзделмеген жағдайларда қосарланған салық салуды жою мақсатында бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы баптың алдыңғы тармақтарына сәйкес келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады. Құзыретті органдар осы баптың орындалуын қамтамасыз ету үшін екіжақты рәсімдерді, өзара келісу рәсімдерін өткізудің талаптарын, әдістері мен тәсілдерін консультациялар арқылы жетілдіреді.

## 25-бап

### Ақпарат алмасу

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе осы Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде Уағдаласушы Мемлекеттердің немесе олардың орталық немесе жергілікті билік органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ұлттық заңнамасын әкімшілендіру немесе қолдану үшін қажетті ақпарат алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-баптарымен шектелмейді. Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес алынған ақпарат сияқты құпия болып есептеледі және бірінші сөйлемде айтылған бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдалана алады. Олар ақпаратты ашық сот отырысы барысында не сот шешімдерін қабылдаған кезде ашуды мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке:

- а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;
- б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;
- с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (ordre public) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

3. Егер ақпаратты бір Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес сұратса, мұндай ақпарат тіпті осы екінші Уағдаласушы Мемлекетке өзінің жеке салықтық мақсаттары үшін талап етілмесе де, екінші Уағдаласушы Мемлекет сұрау салынған ақпаратты жинақтау жөніндегі шараларды қабылдайды. Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 2-тармағының шектеулеріне жатады, бірақ мұндай шектеулер Уағдаласушы Мемлекетке осы ақпаратқа ішкі мүдделіктің болмауы себебінен ғана ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейтін болады.

4. Осы баптың 2-тармағының ережелері келесі банк, басқа қаржы мекемесі, номиналды ұстаушы немесе агент немесе сенім білдірілген өкіл болып әрекет ететін тұлға болып табылатындығы себебінен немесе ақпарат меншік құқығы берілген тұлғаға қатысты болу себебінен Уағдаласушы Мемлекетке ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде түсіндірілмейді.

## 26-бап

### Дипломатиялық өкілдіктердің немесе консулдық мекемелердің қызметкерлері

Осы Келісімде ешнәрсе де дипломатиялық өкілдіктердің немесе консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормаларында немесе арнайы халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес берілген салықтық артықшылықтарын қозғамайды.

## 27-бап

### Күшіне енуі

1. Әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметі осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің аяқталғаны туралы жазбаша түрде дипломатиялық арналар арқылы бірін-бірі хабардар етеді. Осы Келісім соңғы хабарлама алынған күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісімнің ережелері:

а) төлем кезінен Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленетін немесе есептелетін табыстардан ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) Осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңге жататын басқа салықтарға қатысты қолданылады.

## 28-бап

### Қолданылуын тоқтату

1. Осы Келісім 5 жыл мерзімге жасалады және егер Уағдаласушы Мемлекеттер Үкіметтерінің бірі күнтізбелік жылдың 30 маусымынан кейін оның қолданылуын тоқтатуы туралы екінші Уағдаласушы Мемлекетті дипломатиялық арналар арқылы жазбаша нысанда хабардар етпесе, әрбір келесі күнтізбелік жылға автоматты түрде ұз а р а т ы н б о л а д ы .

2. Осы келісімнің ережелері өз қолданысын:

а) осындай хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін төленген немесе есептелген сомаларға қатысты табыс көздерінен ұсталатын салықтарға қатысты; және

б) осындай хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңге жататын басқа да салықтарға қатысты тоқтатады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде қол қоюға уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2014 жылғы 19 қаңтарда Астана қаласында қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей. Алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Катар Мемлекетінің  
Үкіметі үшін*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге хаттама**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Катар Мемлекетінің Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қою кезінде төменде қол қойғандар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай ережелер туралы келісті.

Осы Келісімнің 10-бабы 7-тармағына қатысты:

Егер табыс іс жүзінде осы Келісімнің 10-бабының 3-тармағында көрсетілген кез келген тұлғаға тиесілі болса, осы баптың 7-тармағының ережелері қолданылмайтыны туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Осы Келісімнің 24-бабына қатысты:

Өзара келісу рәсімі қажет болған жағдайда құзыретті органдар «Өзара келісу рәсімі» бабының ережелеріне сәйкес істі мемлекетішілік сот органдарына көрсетуге дейін шешуге ұмтылады деп түсіну керек.

2014 жылғы 19 қаңтарда Астана қаласында қазақ, орыс, араб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды. Барлық мәтіндердің күші бірдей. Алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Катар Мемлекетінің  
Үкіметі үшін*

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұдан әрі Келісімнің және оған Хаттаманың араб және ағылшын тілдеріндегі мәтіні берілген.**